

Иманбаев Нурлан Сайрамович

физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор



07.10. 1966 ж. ОҚО, Сарыағаш ауданы, Жамбыл колхозында туылған.

1973-1983 ж.ж. Сарыағаш ауданындағы Жамбыл атындағы орта мектепті бітірген.

1983-1990 ж.ж. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің математика факультетінің математикалық анализ кафедрасының түлегі.

1984-1986 ж.ж. Кеңес Әскері қатарында азаматтық борышын атқарған.

1993-1996 ж.ж. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің математикалық анализ кафедрасында аспирантураны бітірген.

1997ж. 14 мамырда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жанындағы К 14А/01.05 мамандандырылған диссертациялық кеңесте 01.01.02-дифференциалдық теңдеулер мамандығы бойынша физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған "Коши-Риман дифференциалдық теңдеуінің жуық шешімдері және меншікті мәндерін анықтау" тақырыбындағы диссертациясын қорғаған.

2002 ж. 17 сәуірде ҚР ЖАК шешімімен 01.01.00-математика мамандығы бойынша доцент ғылыми атағын алған.

2014 ж. 9 сәуірде ҚР БЖҒ саласындағы бақылау комитетінің шешімімен 01.01.00-математика мамандығы бойынша профессор (FULL PROFESSOR) ғылыми атағын алған.

2015 ж. 17 ақпанда Алматы менеджмент университетінің тағайындауымен ғылымдағы «Академиялық адалдығы үшін» дипломы және кубогымен марапатталған.

1990-1991ж.ж. Қазақ химия-технологиялық институтының Жоғары математика кафедрасында оқытушы. (Шымкент).

1991-1992ж.ж. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің математикалық анализ кафедрасында стажер-зерттеуші.(Алматы).

1992-1993ж.ж. ОҚО, Сарыағаш ауданындағы М.Горький, Ю.Гагарин атындағы орта мектептерде математика пәнінің мұғалімі.

1996-1999ж.ж. Республикалық О.Жәутіков атындағы физика-математикалық арнайы мектеп-интернатында (Алматы), Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің математика факультетінде аға оқытушы (Алматы).

1999-2016ж.ж. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институтының Жоғары математика кафедрасында аға оқытушы, доцент, декан орынбасары (оқу ісі және ғылым жөніндегі), университет профессоры, 2004-2008 ж.ж. Жоғары математика кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған. (Шымкент) және Түркістандағы Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің математика кафедрасының профессоры.

2016 – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Математика кафедрасының профессоры. (Шымкент).

2017ж. – ҚР БЖҒМ ЖОО үздік оқытушысы.

2019ж. – ҚР БЖҒМ «ҚР ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

Негізгі ғылыми еңбектері:

Томсон Рейтер деректер қорында - 24, Скопус деректер қорында - 26, ЖАК тізіміндегі журналдарда 100, жалпы 300-ден аса мақалалары, 4-оқу құралы, Германияда 2-

монография жарыққа шыққан. Томсон Рейтер деректер қорындағы Хирш индексі $h=6$. Скопус деректер қорындағы Хирш индексі $h=7$.

-16-математика магистрлерін қорғатқан.

- 6-кандидаттық диссертацияларға ресми оппонент (ОҚМУ, Шымкент, 2001-2004 ж.ж.),

- 5-Ph.D диссертацияға ресми рецензент (Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Алматы, 2017 ж.) болған.

- М. Әуезов атындағы ОҚМУ жанындағы К.14.29.13 мамандандырылған диссертациялық кеңестің 2000-2004 ж.ж. мүшесі болған.

Алматыдағы ҚР БЖҒ Министрлігінің Математика және математикалық модельдеу институтындағы 2015-2017 ж.ж., 2021-2023жж. 0825/ГФ4 жеңіп алған ғылыми жобалардың жетекшісі.